

6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша  
Айтмағанбет Перизат Жақсыбайқызының  
Мұнай-газ өндіруші аймақ тұрғындары денсаулығы қалыптасуының  
медициналық-экологиялық аспектілері (Жаңажол мұнай-газ кешені мысал  
ретінде)» тақырыбындағы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін  
дайындалған диссертациялық жұмысына

### **ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІ ШКІРІ**

Докторант Айтмағанбет Перизат Жақсыбайқызы 2017 – 2020 жылдар аралығында 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша докторантура бағдарламасымен білім алды. Докторант педагогикалық және зерттеу жұмыстары бойынша тәжірибеден өтті.

Қолайсыз санитарлық-гигиеналық жағдайдың қалыптасуы тұрғындардың денсаулық деңгейіне әсер ететін маңызды аспект болып табылады. Қоршаған ортаның ластануы, жедел экономикалық өсу және басқа да әлеуметтік факторлар тұрғындардың денсаулығына кері әсерін тигізіп, нәтижесінде соңғы екі он жылдықта денсаулық сақтау шығындарын жоғарылатты. Қазіргі уақытта Қазақстанда өнеркәсіптің мұнай-газ өндіру және мұнай-газ өңдеу салалары қарқынды дамуда. Экономиканың қарқынды дамуы күн тәртібінде экологиямен қатар тұрғындардың өмір сапасы, әлеуметтік, экономикалық бағыттарында бірқатар аса маңызды мәселелерді айқындады. Осы себепті, Айтмағанбет Перизаттың «Мұнай-газ өндіруші аймақ тұрғындары денсаулығы қалыптасуының медициналық-экологиялық аспектілері (Жаңажол мұнай-газ кешені мысал ретінде)» тақырыбының өзектілігі жоғары.

Докторант тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына, денсаулықтарына, атмосфералық ауасына мұнай-газ өндірісі базасы аймағындағы Кеңкияқ, Саркөл, Саға, Шенгелші ауылдары мен таза аймақ Хобда ауылымен салыстырмалы түрде баға берді.

Алынған зерттеу нәтижелері сарапталып, мұнай-газ өндірісінің салдарынан тұрғындардың денсаулығы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайының өзгеруінің сапалық және сандық көрсеткіштерін айқындау аумақтық және әсіресе жергілікті деңгейлерде тұрғындар денсаулығын қорғау саласындағы саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу үшін негіз болатын, сондай-ақ өндіріс деңгейінде тұрғындардың техногендік факторлардың қолайсыз әсерін жою немесе азайту бойынша оңтайлы басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік беретін ұсыныстар дайындалып, жергілікті және аймақтық экология, медицина, санитарлы-гигиена салаларына енгізілді.

Докторанттың диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми зерттеу еңбегі болып табылады, оның нәтижелері расталған және көптеген ғылыми журналдар мен ғылыми тәжірибелік конференциялар жинақтарында жарияланған.

Докторант Айтмағанбет Перизаттың диссертациялық жұмысын орындау барысында жауапкершілігі мен тиянақтылығы нәтижесінде зерттеу міндеттерін толық орындалды.

PhD докторлық диссертация жұмысының жазылу жүйесі, тақырып талдауы, өзектілігі, зерттеу әдістері, зерттеу жұмысындағы қарастырылған мәселелер мен қорытынды нақты жазылып, PhD докторлық деңгейінде орындалған және аяқталған ғылыми жұмыс деп есептеймін. Айтмағанбет Перизаттың Мұнай-газ өндіруші аймақ тұрғындары денсаулығы қалыптасуының медициналық-экологиялық аспектілері (Жаңажол мұнай-газ кешені мысал ретінде)» тақырыбында жүргізілген ғылыми зерттеу жұмысы 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ғылыми жетекші,  
С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ,  
патофизиология кафедрасының доценті,  
М.Ғ.К



В.М. Сабырахметова